



«Балапан» кіші тобының
2024-2025 оқу жылындағы жылдық құжаттары
(Перспективалық жоспары, циклограмма, жылдық есеп, диаграмма, балалардың жеке даму картасы)

Тәрбиешілері: Клышбаева. К.О
Шапикова.Н.Р



**«Балапан» кіші тобының
2024-2025 оқу жылындағы перспективалық жоспары**

Тәрбиешілері: Клышбаева. К.О
Шапикова.Н.Р

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2024 – 2025 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: «Мерейлі» жекеменшік балабақша

Топ: «Балапан» кіші тобы

Балалардың жасы: 2 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: қаңтар айы 2025жыл

Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	Жалпы дамытушы жаттығулар. Колдарды алға-артқа сермеу, саусақтарды бүгу және ашу. Шалқасынан жатқан калыптааяқтарын көтеру және түсіру. Тізерлеп тұрып, өкшеге отыру және тұру. Аяқтың өкшесін алға қою. Аяқтың бақайларын кимылдату (отырып). Негізгі кимылдар: белгі бойынша тоқтап, иректелген лентаның бойымен жүру тақтайдың үстімен 20 сантиметрарақашықтықта орналасқан бірнеше кедергілерден (ленталардан, текшелерден және тағы басқа) аттап жүру, орнында баяу айналу. аяқтың ұшымен, белгі бойынша тоқтап, бірінің сонынан бірі (20 метр дейін) шағын топқа бөлініп және бүкіл топпен жүгіру; әртүрлі заттардың: арқанның астынан нысанаға дейін төрттағандап (алақанымен, тіземен тіреп) еңбектеу. доптарды бір-біріне домалату 10-13 сантиметр биіктіктен секіру Мәдени-гигиеналық дағдылар. Ересектің бақылауымен бетін, колдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіру. Жеке заттарды қолдану (кол орамал, майлық, орамал, тарақ, түбек),

	кніміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру, белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу, ұйықтар алдында киімдерін шкафаға немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қою. Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемей, үстел басында дұрыс отыру. Сауықтыру-шынықтыру шаралары: Балаларды топта жеңіл киінуге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету. Серуенде қимылды ойындарға қатысуға және жаттығуларды орындауға қызығушылық пен ықылас танытуға баулу. Шынықтыру шараларын өткізу. Қимылды ойындар. Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі қимылдарды (жүру, жүгіру, лақтыру, домалату) жетілдіру. Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету (қоян сияқты секіру; аю сияқты қорбандап жүру). Спорттық жаттығулар: Шанамен сырғанау: шанаға отырып, төбешіктен сырғанауға, шананы жібінен сүйретуге, ойыншықтарды шанамен сырғанатуға үйрету. Дербес қимыл белсенділігі. Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін (спорттық, би) орындауға, қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге, бұрын меңгерген қимылдарды өз бетінше орындауға ықылас танытуға баулу.
Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дыбыстардың, сөздер мен сөз тіркестерінің анық айтылуына назар аудара отырып, дауыс аппаратын дамыту, артикуляциялық гимнастика жасау. Сөздік қорды қалыптастыру. Балаларға бесік жырын күнделікті ұйықтар алдында тыңдатуды әдетке айналдыру, топтағы барлық баланы ересектердің жақсы көретінін сездіру. Тілдің грамматикалық құрылымы

	Сын есімді зат есіммен, етістіктің өткен шағымен байланыстыру Байланыстырып сөйлеу. қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді?) және неғұрым күрделі (Не әкелді? Кімге әкелді? Неге әкелді? Қашан әкелді?) сұрақтарға жауап беруге, өз ойын айтуға үйрету.
Көркем әдебиет	Балаларды педагогтің көмегімен өлеңді толық қайталауға ынталандыру. Таныс өлеңдерді оқыған кезде балаларға сөздерді, сөз тіркестерін қосылыпайтуға мүмкіндік беру.
Сенсорика	Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқаумен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындауды, қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін, «көз бен қолдың» сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту. Заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру.
Құрастыру	Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылыс материалдарымен (текшелер, кірпіштер, үш қырлы призма, пластина, цилиндр), жазықтықтағы құрылыстың орналасу нұсқаларымен таныстыру.
Қоршаған ортамен таныстыру	Заттық-бағдарлық әрекеттерді (қарау, тигізу, бұрау, ашу, белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді (допты домалату, машинаны итеру, қуыршақты жатқызу, пирамиданы жинау және бөлшектеу, бір текшені екіншісіне қою) орындауға баулу. Ересектердің еңбегін бақылауға баулу, ересектердің әрекеттерді қалай орындап жатқанына балалардың назарын аудару. Ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екені туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. Үй жануарлары және олардың төлдерімен (қозы, лақ, бота), аңдармен (аю, қасқыр, қоян) және құстармен таныстыру, оларды ажырату және атау, сипаттамалық ерекшеліктерін ажырата білу. Өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.
Сурет салу	Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту, көркемдік қабылдауларын дамыту. Қаламды үш саусақпен, қатты қыспай ұстау, суреттің қарапайым элементтері ретінде тік және тұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізу.
Мүсіндеу	Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін (кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алу, оларды біртұтас етіп біріктіру, сазбалшықты өздігінен илеу) үйрету. Қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру: кесені, тостағанды, табакты мүсіндеуде пішіннің жоғары бөлігін саусақпен басып, тереңдету, кесектерді біріктіруді
Жапсыру	Балаларды бейнелерді қағаз бетіне қойып, құрастыруға, кескінді конструктивті тәсілмен жасауға (жекелеген бөліктерден), ересектермен бірге түстерді тандауға (карама-қарсы түстер) үйрету.

[illegible]